



# ХАМЗА ЕСЕНЖАНОВ

АЛТЫ ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

**ХАМЗА  
ЕСЕНЖАНОВ**

**БІРІНШІ ТОМ**



**АҚ ЖАЙЫҚ**

**ТРИЛОГИЯ**



**АЛМАТЫ — 1978**

Каз 2  
Е 79

Құрастырушы:  
Әлихан ЕСЕНЖАНОВ

Е 70303—072 доп—78  
402(07)—78

© ЖАЗУШЫ — 1978



## АЛҒЫСӨЗ

Творчество адамының тағдыры қиямет қиын, құбылмалы. Ол кейде жарқын, сәтті, кейде оның әділетсіздігі мен тәлкегінде шек жоқ. Қай кезде де творчество адамы алдағы арманына құлай еліктеп, барлық жан-тәнімен ұмтылатыны бар ғой. Сонда оның жетпейтін межесі, шықпайтын биігі болмайтындай көрінеді. Осы сенім, осы талап мысалы суреткердің табиғат берген талантына ұштасса, творчество жолында алынбас қамал шынында да болмас еді.

Атақты жазушы, Қазақ ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Хамза Есенжановтың творчестволық тағдырын алсақ, әлгі айтқандардың бұған да тікелей қатысы бар. Ол 1908 жылы осы күнгі Орал облысы, Чапаев ауданындағы Шалқар көлінің жағасында дүниеге келіпті. Орта шаруаның семьясында туған Хамзаның балалық шағы революция жылдарына дөп келіп, оның бағына қарай, алдынан Совет үкіметінің жылы құшағы айқара ашылды. Жүйелі түрде жеті жыл орталау мектепте, үш жыл Алматыдағы мал дәрігерлік техникумында оқып, білім алған бала жігіт өзінің ертеңгі арманына берік сеніммен, көтеріңкі көңілмен қарап, қарыштай берді. Бірақ оны еліктіріп шақырған енді мал өсіру мамандығы емес, поэзия мен көркем өнер кемесі болды. Сондықтан ол мал дәрігерлік институтына түспей жүрек өмірімен Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының тіл-әдебиет бөліміне түсті. Мұнда үш жыл оқып бітірген соң, жоғары дәрежелі әдебиет мамандығын жақсы игерген жігіт тоқтап қалмай, одан әрі құлаш сермеді. Арман қанаты оны шарықтатып алыстағы Шоқан барған, Мұхтар оқыған, Құдайберген, Ахмет

Жұбановтар білім алған Ленинград қаласына апарды. Міне, бақыт деген, сәт сапар деген осы емес пе. Мұндай тағдырға өкпе жүрмейді...

Осыдан тоғыз жыл бұрын жазушының 60 жасқа келуіне байланысты «Социалистік Қазақстан» газетіне «Қайсар талант» атты мақала жариялап, былай деген едім: «Әдетте талант атаулыны гүлге балаушылық болады. Әрине, мұнда қалай да қисын жоқ емес. Бірақ гүлдің де гүлі бар: оның да қилы-қилы түрі мен қасиеті бар. Қар ерірде қылттып өсіп, күн ысығанда ұшып кететін жауқазын бар, өмірі қысқа қызғалдақ бар, күтім тілейтін екпе гүл бар. Ыстық пен суыққа бірдей көнбіс, көп жасайтын төзімпаз гортензия бар». Хамза талантын дәстүр бойынша шартты түрде гүлге баласақ, әлгілердің соңғысына жатқызар едік. Ол бейне бір гортензия гүлі секілді әрқилы жағдайда-ақ өзінің төзімпаздық қабілетін танытып, барлық тұрақты қасиет, сипатын сақтай білді. «Ақ Жайық» трилогиясы, «Көп жылдар өткен соң» — осының айғағы. Сондықтан да мақаламның соңында мынадай қорытынды жасаппын: «Хамза таланты кешеуілдеп қанат қаққанмен, қазақ әдебиеті көгінде өзінің межелі биігіне тез-ақ шырқап шыққан тегеуірінді талант. Алпысқа келін, сақал-шашын қырау шалғанмен, оның топшысы әлі талған жоқ, қарлы асуды артқа тастаған мұзбалақ қырандай азамат қаламгер, қайсар талант творчестволық кеңістікте әлі де самғай бермек, қалықтай бермек». Рас, айтқандай-ақ, самғай берді, қалықтай берді. «Ағайынды Жүнісовтер» атты романы осы тұста туды. Бұл романын қайсар жазушы ауыра жүре, қинала жүре жазды. Бірақ ол ауруға мойымады, таланты мұқалмады. Қайран талант одан әрі самғай, одан әрі қалықтай берер еді — әттең дүние, не пайда, өжет жүрек кенет тоқтап қалды. Тағдыр тағы бір тәлкегін, ең соңғы тәлкегін жасады...

Хамза Есенжанов — барлық жағдайда өзінің адамгершілік, азаматтық, коммунистік творчестволық қасиет сипатының баршасын сақтай білген қаламгер. Мұндай ретте кепілдік етуге дәлел, дәйектің қажеті жоқ, өйткені ол екеуміздің саналы өміріміз түгел дерлік бір қатарда, бір қосақта өтті. Осы тұстардың бәрінде арбаға жеккен қос аттай, тіземіз түйісіп, тұяғымыз қағысып, бір мақсат, бір арманға бой ұрыппыз. Қайғы — қуанышымыз, қырсық — жұбанышы-

мыз — барлығы сапырылысып кетіпті. Ойлап отырсам, әдебиетте тұңғыш мақаланы да ол екеуіміз бірге жазыппыз, бастауыш мектеп үшін оқулықты да, аударманы да бірге жасаппыз.

Жоғарыда айтқандай, 1930 жылы Абай атындағы педагогикалық институтқа бірге түсерде Хамза әдебиетші болатынына сенімі мықты жас талап жазушы еді. Емтихан тапсырып, физика, математика факультетіне түскен мені үгіттеп, өздерімен бірге тіл-әдебиет факультетіне ауыстырып алуға профессор М. П. Баталовпен бірге себепкер болған осы Хамза Есенжаңов пен Белгібай Шалабаев болатын. Бұл сол кездің өзінде бойындағы табиғат берген дарынын танып, нысаналы жолын тапқан жас жігіттің батыл қадамын аңғартатын жәйт еді. Менің түсінігімде ол бәрімізден кейбір өзгеше қасиет-сипаттарымен көзге ерек көрінетін еді. Сырт көркі де әдемі, киімі де таза, сәнді. Арамызда ақ жаға көйлек киіп, галстук тағатын да жалғыз Хамза. Бұл оның интеллигент семьяда өсіп, ішті-тысты мәдениеті белгілі бір қалыпқа түскен жас екенін аңғартатын-ды. Сондықтан да физика-математика бөліміне түскен мені ол өз ырқына түсіріп, тіл-әдебиет бөліміне аударуға ықпалы жүрген еді.

Өзінің айтуынша, Хамза орта мектепте оқыған кезде-ақ өлеңдер жазып, көзге түскен сияқты. Сонымен, бұрын орта мектепте өлеңмен аяқтанған Хамза институтта оқи жүріп, алғаш әңгімелерімен көзге ілінді. Олардың ішінде бірнешеуі «Әдебиет майданы» журналында жарияланды. Оның ішінде есімде қалғандары: «Өлеңті жағасында», «Қызыл құм» дейтін тырнақ алды шығармалары. Қаламының желі бар жас прозаик Жазушылар одағының ұйымдастыру комитетінде Ілияс Жансүгіровтың қарамағында аз уақыт хатшылық қызмет те атқарғаны есімде. 1932 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында оқып жүрген тұста екеуіміз сол жылы сахнаға қойылған Ғұзайыр Жасақбаевтың пьесасы туралы «Заман заңы» дейтін мақала жаздық. 1933—34 жылдары екеуіміз қосылып, бастауыш мектепке арналған оқулық кітабын шығардық. Ленинградтың тарих, тіл-әдебиет институтының аспирантурасына бірге түсіп, келесі жылы ол мемлекеттік өнер зерттеу институтының аспирантурасына ауысты. Ленинградтан 1936 жылы күзде қайтқан бетте өнертану ғылымын меңгерген жас маман әуелі Қазақ



филармониясының, - кейін Қазақтың мемлекеттік Опера және балет театрының директоры болып істеді. Сонымен қатар КазПИ-де орыс әдебиетінен лекция оқыды. Оқуда болсын, жазуда болсын, қысқа мерзімді қызметте болсын, Хамза дарындылығының үстіне әрдайым табандылық, талапкерлік қабілетін аңғартып отырды. Ол көп білуге, көрген-білгенін көңілге берік түйіп, бекем сақтауға ұқыпты болатын. Мұның өзі шынында творчество адамына ауадай қажет, әрі мәдениеттіліктің, әрі тапқан-таянғанын қанағат тұтпайтын өршіл өскелеңдіктің айғақ белгісі еді. Сөйтін, балалық шағы ескі ауылда басталып, жастық шағы революцияның жалынды жылдары мен совет үкіметінің алғашқы кезеңінде ұлы өзгерістер мен қым-қуыт тап күресі жағдайында өтіп, екі дүниенің мол өмір материалын балғын сана-сезіміне жинаған болашақ жазушы, совет мектебінен терең білім алып, творчестволық талантын өнді ғана гүл жайнатуға тұрғанда, кездейсоқ көп жыл әдебиет ортасынан қол үзіп қалды. Хамзаның қолына қалам алған соңғы он үш жыл бойындағы творчестволық қарқыны, жемісті еңбегі осының даусыз дәлелі іспетті.

Мұншама аз уақыттың ішінде сыр бере бастаған нашар денсаулықпен жүріп, үш томдық трилогия, екі томдық диалогия жазып шығу үшін көп нәрсе керек. Әсіресе жасымаған рух, мойымаған қайсар талант керек. Осының бәрі «Ақ Жайық» пен «Көп жылдар өткен соң» және соңғы жазған «Ағайынды Жүнісовтер» романдарының авторында молшылық екен. Бұл романдардың жазылып, жарық керуі Х. Есенжанов үшін творчестволық ерлік деп бағалануымен бірге қазақ әдебиеті үшін елеулі оқиға ретінде танылып, «Ақ Жайық» трилогиясының 1966 жылы республиканың мемлекеттік Абай сыйлығына ие болуы орынды-ақ.

Қазақ совет әдебиеті алпыс жыл бойы үздіксіз өрлей дамуының нәтижесінде көп салалы, көп жанрлы профессионал әдебиетке айналды десек, енді өлең-жырмен қатар өрелі поэмалар туған, новелламен қатар алқапты повесть, роман-эпопеялар туған, бір актылы пьесалармен қатар көп актылы трагедиялар туған келелі әдебиетті көз алдымызда ұстаймыз. Сонымен бірге халқымыздың жүз жылдық тарихының көркем шежіресіне айналған құлашы мен қарышы кең, алуан тақырыпты, күрделі әдебиетті есте тұта-

мыз. Міне, осы қатарда Х. Есенжанов романдарының алатын айтулы орны бар, қосқан қомақты үлесі бар. Қазақ халқының соңғы бір ғасыр өмірінің алдыңғы жартысы социалистік реализм әдебиетінде М. Әуезов пен Ғ. Мүсрепов романдарында кең алынып суреттелсе, екінші жартысы С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов Ғ. Мұстафин, Ә. Нұрпейісов романдарында ер қырынан алынып суреттелгені белгілі.

Х. Есенжанов романдары аталған ауқымды туындылардың ешқайсысын қайталамай тарихи шындықтың панорамасына өз картиналарын қосқан. Сонымен бүгінгі қазақ әдебиеті жасаған көркем болмыс дүниесін өзінше молайта да көркейте түскен. Әңгіме бұл романдардың қалам тимеген соны тақырыпқа баруында емес. Октябрь революциясы мен Азамат соғысының дауылды жылдарын және социалистік құрылыс дәуірінің қырқысқан таптық күресін көрсеткен шығармалар бұдан бұрын да баршылық еді. Сөйте тұра, Хамзаның роман-эпопеясы осы ірі әлеуметтік өмір кезеңдерін бейнелеуде өз өрісін, өз тәсілін, өз құралын тапқан. Олай дейтінім: біріншіден, ол Қазақстанның бұрын әдебиетте жартымды суреттелмеген батыс облыстарын алып, сонда болған революциялық және таптық күрестің тарихи оқиғаларын баяндап берді, екіншіден, оның кейіпкерлері сол оқиғаларға қатысқан әлеуметтік топтардың сырын ашып, ролін анықтаған жинақты да нақты образдар жасады. Ұқсас құбылыстарды жинақтаған типтік образдар болғандықтан Х. Есенжанов жасаған кейіпкерлер қазақ әдебиетінің осы сипаттағы басқа образдарынан алабөтен өзге болуы мүмкін емес, әрине. Дегенмен олардың даралық қасиеттері өзді-өзіне тән айқын да айрықша ерекшеліктерімен көрінуі әрқайсысын айтпай танытады. Мысалы, трилогияның негізгі кейіпкері Хакім Жүнісовты басқа ешкіммен шатастырмайсыз, өйткені оның кемелденген кейбір сипаты «Ботакөздегі» Асқар Досановқа ұқсағанымен, характерінің даму жолында өзіндік өзгешеліктер бар. Ол Асқар сықылды кедей семьяда өсіп, революцияға түзу келген кісі емес, оның жолы — ауқатты қажы баласының көп қайшылықтарды басынан кешіріп революцияны қиындықтар арқылы қабылдаған жастың диалектикалық жолы. Хакім характерінің даралық сипаты оның Әлібек, Әділбек сықылды бауырларымен салыстырғанда да айқын көрінеді. Бұл образдың

иландырғыш күшінің өзі оның осы шытырман жолын оңайлатпай бірте-бірте өрмелеп, қияға шыққан қиындығымен көрсете білуінде. Жазушының реалистік шеберлігі де осында. Реалистік шеберлігі дегенді мен босқа айтып отырған жоқпын. Реализм шығармасында негізгі қаһарманның характер шындығын терең ашып көрсете алу — ең үлкен шеберлік. Басқа категориялардың барлығы осы мақсатқа бағынады. Өзінің басты қаһарманы Хакімді талай-талай оқиғалардан өткеріп саналы қайраткерліктің ең биік деңгейіне көтергенде, автор оның тек сырт өзгерістерін баяндаумен шектелмей, ішкі сана-сезімі мен нәзік жан құбылыстарын көп жылдар бойы тәптіштеп суреттеуі — Х. Есенжанов игерген реалистік шеберліктің негізгі сипаты. Шолпан образы туралы да осыны айтса сиымды.

Халықтың революцияға келу жолында даңғыл асфальт болған жоқ. Қияметі көп қиын жол болды. «Тар жол, тайғақ кешу» деп оны Сәкен бекер айтпаған ғой. Ендеше мұндай жолдан, мұндай кешуден халықтың қалай өткені жөніндегі шындықты көркем суреттеу үшін жалпылама схемамен үстірт әрекет жасау әдебиетке тиімсіз тәсіл екенін Х. Есенжанов жақсы түсінген жазушы. Сондықтан ол кейіпкерлерін дайын қалпымен оңай алып, жалаң схемаға салмайды. Олардың мақсатында, іс-әрекетінде белгілі типтік ұқсастық бола тұра әр адамға тән дара айырмашылық та баршылық. Мұның өзі реализм әдісінің типтік характер жасайтын әйгілі тәсілі екені белгілі. Бірақ мұны біле тұра іске асыра алмаушылық жиі ұшырайды. Ал Х. Есенжановтың айрықша атап айтарлық табысы оның романдарына арқау тартып, өзек болған Хакім характерінің схемамен емес, типтік диалектикалық тұрпатының даму, өзгеру, толысу күйінде жеттігіп кемелденуінде. Бір мақсаттағы қайраткерлердің жалпы қасиеттерімен қатар жалқы қасиеттерін тауып, тұтас бір характер ауқымында ұштастырып, даралау шеберлігі Әйтиев, Дмитриев, Червяков, Быков, Илмағамбетов, Б. Қаратаев сықылды совет мүшелерінің образдарын сомдауда да анық көзге түседі. Бұлардың басын біріктірген ұқсас қасиет — революция жолындағы мақсат, ниет бірлігі. Ал сонымен қатар әрқайсысының ұлттық ерекшелігіне байланысты өскен орта, тәрбиесіне байланысты жеке дара қасиет, сыпаттары бар екендігіне дау жоқ.

Суреткер талантының үлкен сынаққа түсетін тұсының өзі — осы кейіпкерлердің образы мен характерін қиыстырып жасай алуында ғой. Хамзаның әлгі ұнамды образдары осының айғағы. Сондай-ақ дұшпандар тобындағы сұлтан Арон Қаратаев, ақтардың генералы Михеев және тағы басқа ұнамсыз типтердің ұсқынсыз характерлерін ашқанда қаталдық пен зұлымдықтың жан түршігерлік түрлерін елестетеді. Бұл арада күні бітіп, заманы етіп жанталасқан үстем тап өкілдерінің типтік қараң күйі көзге бір елестесе, әр қайсысының дара біткен кейпіне, мінез-құлқына қатысты ерекшеліктері де баттиып тұрады. Сондықтан да жауласқан екі лагерьдің бітіспес күресі барлық қайшылығымен, шырғалаңымен нанымды қалыпта суреттеледі.

Х. Есенжанов романдарының қарымы кең. Онда революциялық дәуірдің ширек ғасырдай уақыты қамтылып, қоғам өміріндегі ұлы күрес — ұлы кезеңдерін тізген ұзақ желі тартылған. Жалпы эпикалық көп салалақ, кең құлаштылық, өмір материалын мол қамтитын қарымдылық Хамза талантына хас ерекшелік десе болады. Оның үстіне сол өмір материалының документтерге құрылған ғылыми деректілігі кейіпкерлерінің өмірде прототипті бар нақты дәйектілігі эпопея авторының тағы бір тиімді ерекшелігі екенін айту керек. Құр қиялмен қисынсыз қиыстыратын жайлар мұнда кемде-кем. «Ақ жайық» пен «Көп жылдар өткен соң» кей ретте «Тар жол тайғақ кешудің», кей ретте «Тынық Дон» мен «Көтерілген тың» дәстүрлерін еске салады.

Бұған қарағанда Сәкен Сейфуллиннің Хамзаға әдеби ұстаз болғандығы, Хамзаның М. Шолоховтың «Тынық Доны» романын аударғандығы іс-сіз-ұшарсыз кетпей, Хамза творчествосына игі әсер еткен сияқты. Өзіне дейінгі социалистік реализм эпосының жақсы дәстүрлерін қабылдау оның жаңалықты қадамына жол ашқандай. Осыдан келіп Хамза романдарының дүниетанымдық реалистік және тәрбиелік қуаты мен мәні көп ұтқан.

Хамза романдары қазақ прозасының әлеуметтік роман-эпопея жанрын жаңа өрісте дамыта түскен келелі туынды. Оның үстіне бұл романдардың тағы бір айрықша ерекшелігі Батыс Қазақстан қазақтарының кейбір өзіндік тарихи, шаруашылық, тұрмыстық өзгешелігіне байланысты. Осы жөнінде Есенжанов

романдарының дүниетанымдық құны оқшаулана түседі. Сонымен бірге автордың тіл оралымы мен сөз қорының құнарлылығы да өз алдына қарастыратын мәселе. Орыс тілі мен қазақ тілін қатар жақсы білін, еркін игерген автор кейіпкерлерінің диалог сөздеріне азын-аулақ жергілікті диалектизмдер енгізуден тартынбайды («лайқат», «рә», «мәслихат», «мұхият» т. б.). Мұның өзі осылардың орнына басқа сөз алуды білмегендіктен емес, кейіпкерлерінің характеріне өзгеше әр, ажар беру мақсатымен алынған тәрізді. Тұтас алып қарағанда, қазақ прозасында Хамза Есенжановтың тек өзіне тән стильдік қолтаңбасы бар екенін айта аламыз. Ой өрісінің қатпарларына сай құрылған күрделі құрмалас сөйлемдер, характер ашатын ұзақ диалогтар, философиялық монологтар, сана-сезімге құрылған психологиялық құбылыстар, жағдай мен характерге әрқилы әр беретін табиғат суреттері, айныптай салған портреттер — Х. Есенжанов стилі мен шеберлігін анықтайтын дәлел мен фактылар боп табылады.

Көркем сөздің шебері Хамзаның әдеби сын мен публицистикалық мақалаларға да икемі мол болатын. Аудан, облыстарда жас талап оқушылармен кездесулер өткізіп, өзінің шеберлік тәжірибесімен бөлісіп, көп ақыл, кеңес беріп отыратын еді.

Х. Есенжанов ұшан-теңіз материалға сүйене отырып тынбай ізденетін жазушы еді. Ол өмірінің соңғы айларына шейін ел аралап, жаңа материал жинап, жаңа проблемалық мәселелерге назар аударатын. Романдарының тақырып өрісін Азамат соғысына, 30-жылдардағы алғашқы бесжылдықтар дәуіріне жеткізген және әлеуметтік шындықты Шолоховша батыл айтқан реалист, кең алқапты автор енді үстіміздегі ғылыми-техникалық прогрестің жаңалықтарын зерттеуге шұғыл кіріскен кезде дүние салды. Жоспары оның кең еді. Амал не. Әділетсіз тағдыр, рахымсыз ажал өз ісін істеді.

*Филология ғылымының  
докторы, академик.  
Мұқаметжан ҚАРАТАЕВ.*

БІРІНШІ КІТАП

ТӨҢКЕРІС  
ҮСТІНДЕ



## БІРІНШІ БӨЛІМ

---

### БІРІНШІ ТАРАУ

#### 1

Реальное училищені бітіретін Хакімнің қыс бойы араға күн салмай барып тұрған жері медициналық курстың клубы мен Губернатор көшесінің бойындағы биік басқышы бар жасыл қиықты әдемі үй. Кеш болса ол клубқа Мүкарамамен билеу үшін барады да, жасыл қиықты үйге қызды шығарып салады. Ол студенттер қалмай барып жүрген съезде бір-екі рет болды да, қыз «скучно» дегеннен кейін бармай қойды. Жатақ үйлердің ішіндегі, оқушылар клубтарындағы, көшедегі қызу-қызу сөйленіп жататын сөздер мен пікір таластары оны аса еліктірмеді. Көктемгі тасқын су арнасынан аулақ шеткері ықтасында жүзетін шүрегей үйректей, ол соңғы күндерде жолдастарынан бөлек, қаланың биші қыздары бас қосқан жерде, сауық думан қызығында.

Бүгін жұма күні, ол екі қолын төбесіне қойып, кереует үстінде шалқасынан жатыр. Тәтті қиялдарға елтіп жатыр. Кешегі күннің бейнелері оның көз алдында, сол күйінде бұлжымай келіп жатыр...

...Мүсінді Мүкарама кадрилиді айналып- айналып келіп, еркелеген балаша мойынға асыла түседі. Жұмсақ білек. Хош иіс. Ыстық леп. Тағы айналады, тағы асылады. Назды көз қарас. Ерке күлкі. Түннің әлдене уағына дейін би, музыка, жалынды сөздер...

...Екеуі де сұңғақ бойлы, қолтықтасқан күйі кетіп барады. Көшенің әдейі жарық жерімен жүреді. Қарсы

кездескен парлар, тоқтасқан адамдар екеуіне қызыға қарайды. Өзі әдемі, өзі келісті. Көңілде де, жүзде де шаттық нұры жайнап тұр... Биік басқыш, үйренген орындық.

...Үйдегі үлкен айнаның алдында Мүкарама екі иініне кезек-кезек көз тастайды. Арт жағынан келген Хакімді айнада көріп тұрса да елемейді. Оң қолымен белінен орай ұстап, өзіне қарай икемдегенде тал шыбықтай иілгіш қыздың сұлу басын сол қолымен демеп, мейір қандыра сүйгенде Мүкарама қабағын еркелей керіп, мойнын теріс бұрады да:

— Хакім, реальныйды бітіргеннен кейін Оралда қаласыз ба, әлде ана Жымпитыңызға кетесіз бе? Аты қандай жаман!— дейді, әлде назды, әлде мұңайған үнмен.

Хакім ойланбастан:

— Сізбен бірге жақсы қалада оқысам да, жаман қалада тұрсам да менің жұлдызым төбемде,— деп тапқыр жауабына насаттанғандай жымиады.— Неге жаман дейсіз Жымпитыны?

— Әдемі ат емес. Не деген сөз ол?

— Сөз біткеннің мағынасын тексеретін тіл ғалымы емеспін, Мүкәш. Бізде ондай сөздер көп: Аңқаты, Шідерті, Бұлдырты, Өлеңті, Қалдығайты, Қақпақты...

— Ой, ой-ой. Қандай көп, тарсылдаған ты-ты-ты... Күлкі. Екеуі де мез.

— Мүмкін Аңқалы, Шідерлі, Бұлдырлы, Өлеңді, Қалдығайлы шығар? Кейін ғалымдар том-том зерттеулер жазады ғой «ты» мен «лы» ны дәлелдеп.

— Сіз менің сауалыма жауап қайырған жоқсыз.

— Қайда қаласаңыз, сол жерде боламын. Алдымен институт бітіріп алайын.

— Институт?— Қыз кенет ойланып қалды. — Доктор... Сіз ана Жымпитыдан келген Ехлас докторды біледі екенсіз ғой. Красивый сенен де... Сізден де көркем. Жоқ... Жоқ...

— Білемін, біздің елдікі. Сұлу кісі. Әйелі де сұлу. Баласы да сұлу болуы мүмкін.

— Әйелі де, баласы да бар ма? — деді қыз танданғандай.

Хакім «қызғанғандай бекер айттым» деп ойлады да:

— Жас. Бір жаста баласы. Бізге ағайын ол кісілер,— деп қойды анық білетіндігін аңдатып.

Хакім де, қыз да бұл әңгімеге енді қайтып оралма-



ды, үшінші бір адамды әңгімелеу екеуіне де келіссіз көрінді.

Кереуетте жатып Хакім осының бәрін бір нүктесін қалдырмай ойына тізіп, көз алдына бұлжытпай келтірді де, бірақ сол екеуінің әңгімесі Ехлас докторға тірелген жерде ой көмескілене берді. «Неге олай?» деген екі-ұшты дұдамал сөздер тілге оралды да: «Жоқ, шәк келтіруге болмайды. Арамыз айдай ашық, бұлтсыз. Шүбә, қызғану сезімдеріне орын жоқ» деп қорытты.

Күншуақ: үйдің қиығы жіпсіп, сырт жақта терезе алдына тырс-тырс құлаған тамшы: әйнектен көлденең деп еденге құйылған күн шұғыласының ішінде майда тозаң қопарыла қозғалып, сапырылысып жүр. Суық торғайлар тынымсыз шырылдап, терезенің кәсектеріне тізіле қонады да, үрке көтеріліп жөнеледі.

Төсек үстінде керіле түсіп Хакім сол қырынан жатып терезеге күлімдей қарайды. Оның ойына ауыл, осы сияқты март айының шуақ күндерінде әйнектің сүмелегін қағып түсірген шақтар келеді: төлге деп үй төбесіне шығарып үйген көк шөптің күн бетінде отырып, алыстағы жолмен қыбырлаған жолаушыны күн ұзақ көзбен ұзататын, көкке қарап құс санайтын бейғам балалық оралады, шешесінің «ұзын сарыға» арнаған, құрт қатып пісірген, ауыз суын ағызарлық қышқылтым ащы көжесі шұбар тостағанымен көз алдында тұрғандай... Еріксіз езу тарттырады... «Сол тостағанмен көже ішіп отырғанымды Мұкарама көрсе... ха-ха...ха...»

Сырттан жуынып келіп сүртініп тұрған жолдасы өзінен-өзі күліп жатқан Хакімге жалт қарады да, аңтаң болып, тұрып қалды.

«...Төрт бөлмелі сырлаған қарағай үйде, ақ кереуеттің үстінде жататын қала қызы— қазан жақта қытыр-қытыр шөп жеп тұрған қозы мен бұзаудың, ылғал бұрыштың, сары қидың иісі аңқыған балшық землянкеде сынық айнаның алдында шашын тарап тұрса... Жоқ, ол өмір енді алыстауы керек. Мұкарамамен қалада болуым керек...» деген ой билеп, Хакімнің басы әңкі-тәңкі.

— Әй, Онеке, сен әлі жатырсың ба? Сағат тоғыз болды ғой, шырағым-ау,— деді жұқа өңді, дөңгелек көзді, кішірек денелі гимназист кіріп келген бойы Хакімнің койкасына жақындай беріп.

Хакім оны мойнын бұрмай-ақ дауысынан танып, терезеге қараған күйі жата берді: гимназистің сөзін де,

өзін де елемеген пішінде, қиял теңізіне мықтап шомған. Хакімнің орнына әлгі сүртініп тұрған жолдасы жауап берді.

— Отырыңыз, Әмір. Бүгін жұма, күндіз баратын жер, істейтін іс жоқ болғасын жаңа тұрып жатырмыз. «Онекеңіз» немене тағы, түсінісуге болмас па?— деді.

Хакімнің бірге тұратын жолдасы, мына гимназист Әмірдің тілі ұшты, әзілқой жігіт екенін жақсы білетін, «Онеке» деген сөздің бір қуақылық астары барын сезе қалды.

— Онеке демей, Евеке десе де болады, бәрібір, әйтеуір қыз-келіншектің пірі ғой.

— Уай, жаңа түсіндім... Евгний Онегин...— Студент екі санын шапалақтай күлді.

— Балық жеген барқын, сен соңғы жаңалықты естідің бе? Макаров пен Овчинниковке төтенше салғырт салыпты, кешікпей олардың диірмендері мен заводтарын қазынаға алмақ. Буржойлар енді «долойдың» ауылына баратын болар,— деп біржола бөліп жіберді Әмір, Хакімнің ұштаса бастаған ойын.

— Мазамды алмашы, айналайын, онсыз да ойым онға бөлініп жатыр,— деді Хакім қабағын шытып.

— Қыз мәселесін сен кореннойға жектің бе? Түсінікті. Түсінікті.

Айттым сәлем, Қаламқас,  
Саған құрбан мал мен бас.

Айтары жоқ, жақсы қыз. Сүйріктей. Талай ашық-ауыздар кездескенде есі шығып тұрып қалғанын өз көзіммен көрдім. Бірақ сені мына бізден бөліп әкетіп жүрмесін. Түбектегі балықшының қосындай жағада жалғыз шошайып қалсаң, үйленем деп жүргенде...

— Әмір, енді жетер. Сен-ақ қалжыңға тоймайды екенсің.

Сағынғаннан сені ойлап,  
Келер көзден ыстық жас...

— Тіфу...

Сенен артық жан тумас,  
Туса туар артылмас...

— Неге тоқтап қалдың? Айтып шық аяғына дейін.

— Жиылысқа бармайсың ғой, шамасы? Өзіне өзі

мәз Нарцистей<sup>1</sup> елжіреп жатқан мына түрің-ақ айтып тұр тәтті қиялға түсіп кеткенінді.

— Менің бүгін елден келген адамдармен сөйлесетін және де басқа толып жатқан шаруам бар.

— Алдымен Құрбановтікіне соғасың ғой?

Хакім теріс айналып жатты. Үндемеді. «Өздерінің қолынан келмегенсін, мені күндейді» деп ойлады ол. Бірақ ашық ойлы, сөз тапқыр, күлкіден ауыз жидырмайтын Әмір оның теріс айналғанына қарамастан көптен бері ойына келіп жүрген сөзін әзіл, қалжыңға араластырып айтып салды. Ол:

— Хакім, менің саған айтатын бір сөзім бар, осы қаладағы чиновниктердің қызын қайтеміз? Кешікпей восемь черных, на ногах топчущихся, с животом двенадцатьи<sup>2</sup> бермей де қыз келеді. Ең абзалы сәл сабыр етейікші. Өзіміздің қарабайыр шаруаның қара домалақ қыздарын сауырынан сипап жүріп аламыз. Екеуімізге қолы сол қарабайыр ғой, — деді.

Хакіммен мектептес Сәлмен Әмірдің бұл сөзіне тағы да сілесі қатқанша күлді.

— Әмір, сенің қарабайыр, арғымақ, қаланікі, даланікі деп бөлуің әділ емес. «Сегіз қарасыз» алатын болсаң қызды пародаға жіктеудің не қажеті бар? — деді Сәлмен.

— Е, солай десейші. «Талассыз пікір жөнделмейді» дейді біздің филологымыз. Сендер де сүйтіп, пәтерлеріңде тас бүркеніп жатып алмай, бізбен айтысқа түссеңдерші. Мен қарабайыр деп шаруаның қызын айтатынын. Дүниенің тетігі шаруада... Заводта кеше митинг болды. Дмитриев тамаша сөйледі. Сендер болмадыңдар. Міне оратор деп соны айт. Бес жүздей адам жиналды. Жиналыстан кейін жұмысшылар Дмитриевті қолдан қолға көтеріп әкетті. Бүгін фронтовиктердің митингісі болады. Киініңдер, барамыз! Қызық болады. Дмитриев сөйлеуге тиіс тағы да, — деді Әмір.

Хакім орнынан ұшып түрегелді де киіне бастады. Ол сөйлесіп отырған екеуінің әңгімесін бөлген жоқ, сыртқа шығып келіп, жуынып, таранып, костюмінің қылшығын тазартуға кірісті.

---

<sup>1</sup> Н а р ц и с — бұлақ суына түскен өз суретіне өзі ғашық болып сарғайып, гүлге айналған өзен тәңірісінің баласы (Ескі грек елінің аңызы).

<sup>2</sup> Ескі әдеттегі қалың малға сұрайтын сегіз қара, ішімен он екі қара дегенді сол кездегі оқушылар күлкі үшін осылай орысшалаған.

Хакім, әйда біз де барып қайтайық. Әмір митингке студенттер тегіс барады дейді ғой. Сол жақтан мектепке соғып, тамақ ішіп қайтармыз,— деді Сәлмен Әмірдің тілегін қостап.

Хакім көнбеді. «Елден келген адамдарға жолығамын» деп екеуінен бөлініп кетті.

## 2

Жымпитыдан келген доктор Ехлас Шұғылов тілмаш Минхайдар Құрбановтың үйіне түскен еді. Ол бірнеше күнге созылған земствоның мәжілісіне баруға асықты, ертеңгі тамақты тез ішіп, алдыңғы бөлмеге шықты да киініп болып:

— Көргенше сау болыңыз! — деді есіктен, от басында отырған кемпірге қарап.

— Жолыңыз болсын! Обедке кешікпеңіз,— деді кемпір.

— Кешікпеуге тырысармын, әби.

Доктор сыртқы есікті жапқаннан кейін, кемпір:

— Міне, әдепті кісі. Көшеге шықса да қоштасып кетеді. Қайта келгенде де есендеседі. Осы күнгі жастардан бір бөлек. Бек көргенді адам,— деді үйінде жатқан қонақты мақтап.

Ызбайлы жас доктор кемпірге әдептілігімен ғана ұнаған жоқ, мырзалығымен де ұнады. «Ақшаның қадірін» жақсы білетін әбиге оның уыс-уыс жаңасы, ескісі аралас қағаз ақшаны тамаққа деп күнде қалдырып кететіні жомарттық сияқты. «Бұл ақшаларға бір күндік тамақ емес, бір жетілік тамақ келеді. Әтиі бай кісі деп еді, рас екен. Өзі де жалақыны көп алатын шығар. Ақшаны пашкасымен санамай береді» деп ойлайды кемпір есі кетіп, құны кете бастаған «Николай» мен «Керенді» текшелей санап.

— Бик матур кісі, бигірақ та матур. Осындай зор білімді кісілердің қасында жүрсең де қор болмайсың... Төмен қарап, ыдыс-аяқтарды жинап жүріп, кемпір бұл сөздерді өзіне айтқан сияқтанды: ол әмәнда өзімен-өзі әңгімелескендей күбірлеп сөйлейтін.

Мүкарама бұрыштағы үлкен айнаның алдына барып шашын түзеп жатыр. Минхайдар «Орал жаршысын» қарап отыр. Әрқайсысы өз жұмысында, кемпірдің сөзіне елең етпеген тәрізді. Тілмаш газетті шұғылдана қарап, бірақ тегіс оқымай, ақтық беттегі ірі өріп-

термен шым-шытырық жазылған құлақтандырулардың ішінен әскер қызметін атқаратын казактардың тегіс есебін алуға станица атамандарына берген наказнойдың бұйрығын тұтас оқып шықты. Сүйтті де ол газетті стол үстіне қойып, сол қолының бас бармақ тырнағын тістелеп, бірер минуттай отырып қалды. Орнынан тұрды, бөлмесіне кетіп, киініп қайта келді, әлдебір нәрсесі ұмыт қалғандай ойланып, сәл бөгелді де:

— Мұкарама, мұнда келші, — деп қарындасын кабинетіне шақырды.

— Не айтасың, әби? — деді қыз оның ізінше кабинетке ілесе кіріп келіп.

Үй ішінің ұсақ әңгімесіне оңашалап шақырмайтын ағасының нендей ниеті барын білуге тырысып, қыз оның бетіне тіктеп қарады: сұп-сұр жүзінде өте салмақты пішін бар: жабылыңқы қабағының үстіндегі жиырылған жіңішке сызықтар мен еріндерінің аздап жымқырыла түскені етсіз бетіне қату рең беріп тұр. Көкшіл көздерінің астын кіреукеленіп көлеңке басқан, мұны қарындасы шай үстінде көрген жоқ-ты, бейне түні бойы кірпігін ілмей шыққан адам сияқты. Оның бойдақтығын есіне алып қыз ішінен: «Бір жерде сауық-сайранда болды ма екен?» деп ойлады, бірақ түн бойы оның бөлмесінің шамы жағулы тұрғанын өз көзімен көрген-ді.

Тілмаш терезе алдына барды да, Мұкарамаға бұрылып жүзіне тура қарады, екі қолын айқара қусырып, түрегеліп тұрған бойы:

— Әти өлгенде сен жас едің. Сені өсіру, тәрбиелеу, оқыту деген секілді міндеттер менің мойнымда қалды. Мұны өзің жақсы білесің. Міне енді бұл зор міндет орындалып та келеді, сен қазір медицина курсың бітірдің. Алайда бұл білім жеткілікті емес. Сен институтқа кіруің керек. Бірақ қазір дүние түбімен төңкерілген, оқуға мүмкіндік жоқ. Соғыс, азамат соғысы. Ұзаққа созылады. Сондықтан осы мамандықпен қызмет істеп, алға бара берген жақсы. Мен саған осы жөнінде ақылмды айтқым келді, қайда қызмет істеуді айтқым келеді, — деді.

Адамды жалықтырарлық қоңыр үнмен алыстан бастап, ұзақ сөйлеп осы мектепке кірерде де, онан кейін, оқып жүрген кезде де ағасы «ақылын» талай айтқан-ды. «Сол баяғы ақыл» деп көшеге шығуға асығып тұрған қыз іштей жаратпай амалсыз тыңдады да:

— Мен сіздің айтқаныңыздың бәрін орындаймын,— деп салды.

Сөйтті де ойланбастан аузынан шығып кеткен «айтқаныңыздың бәрін орындаймын» деген үзілді-кесілді қортындыдан шошып кетті. «Егер де маған ұнамайтын ақыл болса да көне беремін бе?» деген шұбалы ой келді. Белгісіз бір бұлдыр сезім оған: «Қалай да сенің ағаң тілегіне қайшы келеді» деп тұрғандай. Ағасының қатал және өз дегеніне көндіретін қайсар жан екені бұл ойын шиеленістіре түсті. Қыз үрейлене бастады, құлағын сақтана тікті.

— Шуға күрә, мен саған жақсы практика алатын жерді көздедім. Сен мына біздің үйде жатқан доктор Ехласпен бірге істейсің, сол кісінің қарамағында практика аласың. Бұл кісі зор хирург.

— Осы Оралда ма?— деді Мұкарама жұлып алғандай.

— Жоқ, Жымпитыда. Жақында, ол кісі қазақ правительствосының министрі болуы да ғажап емес... Бұл саған жақсы емтихан... Во всяком случае доктор Ехлас уездік больницаның қожасы. Алдында үлкен перспективасы бар, шуға күрә, сенің перспективаң да зор...

— Әби, сестра болуға зор перспективаның керегі қанша, мұндағы қалалық больница да маған жарайды...— дей беріп еді қыз, ағасы оның сөзін аяқтатпай:

— Сен жаңа ғана «айтқаныңды орындаймын» деп уәде бергенсің. Менің ағалық борышым сенің қамыңды ойлау: моральдік, материалдық жақтарынан да сенің қызметіңе мен жауаптымын,— деді.

Ағасының өктем үні қазір айқын шықты: «Рақымсыз мінезіңнен әйелің де Түзтөбедегі әке-шешесінің үйіне қонаққа кетіп, келмей қалып еді. Маған да өміріңді жүргізбексің» деп ойлады қыз. Ол ағасын тап осы минутта дұшпан сияқты көрді, оған кенет бір жек көру сезімі пайда болды. Бірақ ағасына ашық түрде қарсы тұра алмай, ішкі қатты наразылығын сыртқа шығармауға тырысып, жүзін бұрып өкетті де:

— Көрмеген алыс түкпір, танымайтын адамдармен қалай барамын?— деді.

Қыздың үні баяу шықты, дауысы дірілдегендей болды.

— Түпкір емес, жақын жер, уезд центрі. Онда да таныс татарлар көп. Қара Уәлиге хат жазып жіберемін, сонда жатасың. Дауысыңды дірілдететін сен бала қыз емессің. Кісі он сегіз жасында государство қызме-

тін атқарады. Сенің онда баруың басқа жағынан да аса қажет, бұл әңгіме соңынан... міне осы... саған деген сөзім. Жарайды...— деді.

Қыз соңғы сөзге елең етті де, бірақ ешнәрсе айта алмай қалды, ағасы кабинеттен тез шығып кетті. Оның алдыңғы үйде киінгенін де, сыртқы есікті жауып, көшеге шығып кеткен дыбысын да Мұкарама естіген жоқ, ағасының айтқан сөздерін бастан-аяқ әбден түсінуге тырысқандай қабағын түйген күйі терезеге қарай мелшип тұрып қалды.

Құрбанов үйден шығысымен ізінше кабинетке кемпір жүгіріп келді.

— Мұкарама, сен бар! Минхайдардың айтқан жерінен бас тартпа! Ехлас доктормен Жымпиты түгіл Стамбулға да бар! Ондай матур кісі, е-ей...— деді ол сөзін аяқтамай.

Кемпірдің жүрісі де пысып кеткен, сөзі де ширақ шықты және арғы жағында үлкен мәні бар сырды бүккен сияқтанды. Мұкарама оның бетіне аң-таң болып қарай қалды.

— Хисапсыз бай дейді оның әтиісін... Өзі де бик жомарт кісі. Біздің татарларда мұндай кісілер сирек. Только ана Ақчуриндер ғана. Ақчуриндердің бәрі де үйлі-күйлі...

Кемпірдің сөзінен қыз көп нәрселерді аңғарып қалды... «Шынымен бұлар мені осы докторға.. екеуі ақылдасқан... әйелі... баласы бар... жоқ, мүмкін емес..» Оның көз алдына Хакімнің толқынданған ұзын қою шашы, ер келбетті аққұба жүзі толыспаған, бірақ, тік ұзын бойы, формалы қарамауыт бешпет-шалбары, киімі де, пішіні де— бәрі тұтас келді

— Білемін. Жас уақытта қиын... бірге билеп, үйреніп қалған,— деді тағы да кемпір, қыздың ойын көзбен көргендей шамалап.— Ондай студенттер көп кездеседі, ал ана доктор бақытты кісіге ғана кездеседі,— деді ол енді қыздан ниетін жасырмай.

— Әби, мен сізден бақытты кісі сұрап тұрғаным жоқ.

Өз әниім болса ондай қатыны бар кісіні... баласы... Сөзін аяқтамай қыз кабинеттен шығып кетті.

— Ей, жассың. Білмейсің,— деді кемпір оның ізінше.

Хакім келіп есік қаққанда Құрбановтікінен ешбір жан дыбыс бермеді. «Бұл қалай, Мұкарама үйде болмаса да кемпір болуы керек қой. Мүмкін емес Мұкараманың үйде болмауы. Уәделескен сағат— алты. Ешбір дыбыс білінбейді. Ғажап». Аса қатты да емес, бір қалыппен тықылдатып ол тағы да қақты. Үн жоқ. Сәлден кейін сенектің едені сықыр еткен сияқтанды. Қозғалмастан, демін ішіне тартқан қалпы тыңдап тұр. Жым-жырт. Әлде мысық па, соның еппен басқан дыбысы ма? Ол енді қаттырақ қағып-қағып жіберді де есікке құлағын тақады. Әлі дыбыс жоқ. Ақырын ғана есікті ішке қарай итеріп еді, болмашы саңылау көрінді, бірақ кілтті ме, әлде іштен сұқпа салынған ба— байқап болар емес. Берік жымдасқан ауыр көк есік өте нық. Не істеуге білмей тағы да бірнеше минут тұрды да, Хакім биік қрыльцоның таянышына асыла есік жақ терезеден бойлап ішке үнілмекші болды. Терезе әрі биік те, әрі таяныштан қашық: жерден де бой жетерлік емес, бірақ үйдің забеліне шықса іште адам баржоғын байқарлық. «Не де болса тәуекел» деп ол көше жақты бір қарап алды. Адам сирек, алысырақтағы кісілер көрер емес. «Мына бір келе жатқан әйел өтіп кетсін» деп ол сәкіге отырды. Орта жасқа келген әйел бұған назарын да салған жоқ, аяғын салмақпен санап басқан күйі әрі асып кетті.

Мойнын соза забелдің үстіне шығып, терезеге үңілгенде Хакімнің көзіне бұрыштағы үлкен айнаның ішіндегі Мұкарама түсті. Қыз білегіне маңдайын сүйеп еңкейіп қалған, басы жарға тіреліп, жүзі көрінбейді. Бұл қалай? Хакім терезеге жүзін тақай түсті. Жылап отырған болуы керек, екі иіні жоғары көтеріліп селк-селк етеді, айнадан ап-анық көрініп тұр. Терезенің алдына келіп қарап тұрып, тап сол жерге отыра кеткен тәрізді. Хакім аң-таң болып бір минуттай әйнектен бетін алмай қарап тұрды да, есік алдына келді.

Көшеден өтіп бара жатқан адамдар сезбесін деген пікірмен ол басқыштың оң жақ сәкісіне отырды да, жай адам сияқтанды. Ойы үйде, Мұкарамада. «Неге ашпайды есікті? Терезеден қарады... кәміл-ақ қараған.. Әлденеге күйініп, жылап көз жасын көрсетпеу үшін ашпай қойғаны анық. Мен жөнінде ме?.. Арамыз кіршіксіз, мұндай толқуға ешбір себеп жоқ... Ағасымен ренжісіп қалды ма? Олай деуге осы күнге шейін бірде-